**«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі»мемлекеттік мекеменің «Аққол жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауы жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдарға 2-қосымша сәйкес талдамалық**

**АНЫҚТАМА**

**Кіріспе бөлім:**

«Атырау облысы Құрманғазы аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Аққол жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі Атырау облысы,Құрманғазы ауданы Аққол ауылы,С.Құспанов көшесі 6 үй,телефон номері:87123371148 эл.поштасы: Akkol_2019@mail.ru (бұдан әрі-мектеп) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы мектеп директорының 2025 жылғы 8 қаңтар күнгі №2/1 бұйрығы жасақталды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілу мерзімі: 2025 жылдың 3- қаңтарынан бастап, 2025 жыл 31 желтоқсан аралығында, Осы бұйрықта көрсетілгендей жұмысшы тобы:

1.Нургалиева Бакытгуль Сериккалиевна - мектеп директорының оқу ісі бойынша орынбасары, жұмыс тобының жетекшісі, уәкілетті тұлға;

2.Досалиева Райзада Махамбетовна - мектеп директорының тәрбие орынбасары жұмыс тобының хатшысы;

3.Куспанов Аслан Салаватович - кәсіподақ ұйымының басшысы;

4.Шаяхметова Тайжан Тельжанқызы - әлеуметтік педагог;

5. Мансұрова Жаннат Дидарбекқызы-жүйелік әкімшілік;

6.Муханова Айсұлу Аманшиевна –бас есепші;

7.Ергалиева Жанаргүл Ғапуовна -шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары;

2025 жылдың қаңтар айынан бастап, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы іс-шара жоспары жасақталып, бекітілді.

**Сипаттама бөлігі:**

**1.Персоналды басқару, соның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне щалдыққан лауазымдардың тізбесін анықтау** мақсатында ішкі талдау жүргізулері жүргізілді. Оқушы 1-11 сынып аралығындағы бала саны-912, сынып саны 44, мектеп алды даярлық -5,бала саны-107 .Мектеп екі ауысымда оқиды.

Конкурстық іріктеуді өткізбей, лауазымға тағайындалған жоқ. Конурстық іріктеу ресми жүргізілді. Біліктілік санаттарына сәйкес келмейтін адамдар жұмысқа қабылданған жоқ. Қызметкерлерлерінің жалақысы туралы ай сайын ашық жарияланады.

Кадрлық тағайындауларға үнемі талдау жүргізіледі. Қазақстан Репсубликасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы №57 бұйрығы «Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен пеадгогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын үнемі басшылыққа алынады. 2025 жылдың қаңтардан бастап күні бүгінге дейін тұрақты да уақытша маман жұмысқа алынбады. Бірақ декреттік демалысқа кеткен педагогтардың бос жұмыстың орны

Scanned with CamScanner

болған кезде қажетті құжаттар тізбесі әлеуметтік желілерде уақтылы жарияланды. 4 мұғалім, 2 кішіқызметкер.

Қызметкерлерді конкурстық іріктеу жүргізбеу немесе өзге лауазымға ауыстыру болған жоқ. Алынбаған тәртіптік жазалау кезде қызметкерлерді көтермелеу орын алған жоқ немесе тәртіптік жазаларды тым қысқа мерзімде алып тастау орын алған жоқ.

**2.Мүдделер қақтығысын реттеу** мақсатында ішкі талдау жүргізілді. Мүдделер қақтығысы болған жағдайда реттеу жөніндегі функциялар жүктелген медиация тобы бар. Осы жыл ішінде мүдделер арасында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ. Мектебімізде әкімшілік регламенттер, лауазымдық нұсқаулықтар және жоспарлы көрсеткіштер арасында қайшылықтар болған жоқ. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттемелрін орындау кезінде мүдделер қақтығысы орын алған жоқ.

**3.Мемлекеттік қызметтер көрсетудің** нақты процестері белгіленген талаптарға сәйкес, оның ішінде қызметтер көрсету мерзімдері, номенклатура құжаттар актілерде көзделмеген құжаттарды талап ету болған жоқ. Ақпараттық жүйлерді пайдалану кезінде мемлекеттік қызмет көрсету процестері «қолмен» түзетілген жоқ. Мемлекеттік қызмет көрсетуді реттейтін құқықтық акті мерзіміне сәйкес орындалып отыр. Мектепте мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес 2025 жылдың 5 айында 1-сыныпқа 62 өтініш қабылданды. 10 ата-ананы АСП алуға құжат жинақталуда. Барлық сыныптарда хабарланып, түсінік жұмысы жүргізілуде. Мемлекеттік қызмет түрінен көрсетілетін мемлекеттік қызметтер бойынша мерзімдерін бұзу фактісі болған жоқ. Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын арттыру мен қолжетімділігін қамтамасыз етуде дәлізде ақпараттық стенд: «Мемлекеттік қызмет көрсету» тақырыбымен 2024 жылдың тамыз айында жасақталды. Уақтылы жаңартылып отырады. Мектепте 2025 жылдың 5 айында барлығы 226 өтініш -арыздар түсіп, оның : 20 жеке тұлғадан өтініш - арыздар түсіп, қызметкерлер өтініші 54. Мектепке түскен арыздарға уақтылы үнемі жауап беріліп отыр. Уақыты бұзылған өтініштер жоқ. «Жасырын» мемлекеттік қызметтер көрсету болған жоқ.

**4. Рұқсат беру функцияларын іске асыруды** бақылауда ішкі тәуекел талдау уақытында ешқандай өрескелдік болмады. Рұқсат беру функцияларын іске асыратын қызмет орын алған жоқ.

**5.Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру бағыты** бойынша бақылау іс-шараларын жүргізу мерзімдерін бұзудың, тізбесі құқықтық актілерде көзделмеген құжаттарды талап етудің фактілері анықталған жоқ. Бақылау іс шаралары уақытылы жүргізіледі. Ақпараттық жүйелерді пайдалау кезінде бақылау іс шараларының процестерін «қолмен» түзету, бақылау іс шараларын тоқтата тұру немесе ұзарту рәсімдері болған жоқ. Фото,бейне тіркеу және тексеру парағы бойынша қойылатын талаптары сақталған. Бланкілер мен нұсқамалар белгіленген орындарда (сейфте) сақталады. Бланкілер мен ұйығарымдарды есепке алуды жүргізуге жауапты тұлғалар бар.Бланкілерді есепке алу бойынша иісті регламенттер сақталған. Мемлекеттік органның орталық аппараты, мемлекеттік сынайлы сектор

Scanned with CamScanner

субъектісі тарапынан әдістемелік ұсынымдар, нұсқаулықтар, нұсқаулар жіберу, өзге де түсіндіру және оқыту іс-шаралары жүргізілді. 2025 жылдың бес айы бойынша бөлімде қабылданған құқықтық акт саны: 643 бұйрық берілген. Құқықтық актілердің дұрыс жасақталуы бақылануда. Түрлі тексерістер кезінде қатаң есептегі құжаттар тобында мектептің бұйрықтар кітабының жүргізілуі бақыланып отыр.

**6. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу бағыты** бойынша қаржылық құжаттарды рәсімдеу кезінде электрондық цифрлық қолтаңбаны басшының өзімен қол қою (өзге тұлғаларға бермеу) мәселесі қатаң сақталады. Бюджетті бекітетін немесе қаржы қаражатын игеру бойынша шешім қабылдайтын алқалы орган ( тариф және штаттық кестені бекіту) 2024 жылдың тамыз айында құрылды. Есептілік түрлерінің, мониторинг тетіктерінің, бюджет және қаржы қаражатын игеру мен бөлу рәсімдеріне ішкі бақылау 2025 жылдың желтоқсан айында бақылау жүргізілді. Бюджет және қаржы қаражатын жұмсаудың ашық еместігі, оның ішінде «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» Заңның 6-бабы 9-тармағы сақталып отыр.

**7.Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу бағыты** бойынша келісім шарттар жасақталды. Шарттарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер жазылып, таныстырылды. Мектеп бойынша келісімшарт 107 мұғалім, 56 техқызметкерлермен жасалды.

**8. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану бағыты бойынша IT –** саласының дамуына әсер ететін жобаларды қаржыландырған жоқ. Білім алушылар оқулықтар мен электрондық оқулықтармен қамтылған. Мектептегі «Kundelik» бірыңғай ақпараттық жүйесін пайдалану және «Aman sultan» білім платформасы сандық білім беру ресурсы жүйесін пайдалану жұмыстарын талапқа сай жүргізілуде.

**Ұйымдастыру-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелерді шешу бағыты** бойынша мектептің бюджет қаражатының уақтылы және толық игерілуі бағытында жұмыстар жүргізілуде. 2025 жылдың қаржы есебі 111 ерекшелік бойынша еңбек ақы 555760,0 еңбекақы теңге, 113 ерекшелігі бойынша сауықтыру 28700,0 теңге, 149 ерекшелік бойынша 6000,0, 151 ерекшелігі бойынша эл.энергия 1680,0 теңге, су 360,0 теңге, газ 4500,0теңге, 152 ерекшелігі бойынша байланысқа 846,0 теңге, Жоспарланған 5 айда қаржы 368286,0 теңге. Игерілгені 307160,0. Игерілу пайызы 99.

**Анықтама жазған жұмысшы топ мүшелері:**

1.Нургалиева Бакытгуль Сериккалиевна
2.Досалиева Райзада Махамбетовна
3.Куспанов Аслан Салаватович
4.Шаяхметова Тайжан Тельжанқызы
5. Мансұрова Жаннат Дидарбекқызы
6.Муханова Айсұлу Аманшиевна
7.Ергалиева Жанаргүл Ғапуовна

Scanned with CamScanner